

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Казахский национальный технический университет имени К. И. Сатпаева  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
Kazakh national technical university named after K. Satpayev



Академик Тінәсілов Мұқтар Дәңбайұлының  
70 жылдық мерей тойына арналған

**«СТРАТЕГИЯ 2050 СӘИКЕС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ  
СЕКТОРЫНДА ИННОВАЦИЯНЫҢ ДАМУЫ: ЖАҒДАЙЫ, ҮРДІСІ,  
ПЕРСПЕКТИВАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

18-19 желтоқсан 2014 ж, Алматы

## **К ТРУДОВ**

Международной научно-практической конференции

**«ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ ФИНАНСОВОГО  
СЕКТОРА КАЗАХСТАНА В СООТВЕТСТВИИ СО  
СТРАТЕГИЕЙ-2050: СОСТОЯНИЕ, ТЕНДЕНЦИИ  
И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

посвященной 70-летию юбилею академика М.Д.Тинасилова  
18-19 декабря 2014 г, Алматы

## **PROCEEDINGS**

The International scientific and practical conference

**«POSITION, TENDENCY AND PERSPECTIVES  
OF INNOVATIONAL DEVELOPMENT OF FINANCIAL  
SECTOR OF KAZAKHSTAN IN ACCORDANCE  
WITH STRATEGY 2050»**

dedicated to 70th anniversary of academician M.D.Tinasilov  
December 18-19, 2014, Almaty

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### 1. ТЕНДЕНЦИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ФИНАНСОВОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ

1.	Абдыгаппарова С.Б., Адилова А.М. Механизмы финансирования телекоммуникационных проектов	8
2.	Адилбаева А.М., Оразымбетова А.Ш., Өжек А.С. Пенсионное обеспечение в Республике Казахстан и их проблемы	12
3.	Айтжанова Л.Е., Толқынбек Н.Ж. Некоторые аспекты и перспективы интеграции науки и образования в Республике Казахстан	17
4.	Айтқұлова А.Н. Қазақстандағы есеп айырысу қызметі: теория және оның ұйымдастырылу ерекшеліктері	20
5.	Алдиярова С.А., Абжапарова Г.А., Султанқұлова А.Н. Қазақстан Республикасының зейнетақы қорының жағдайы мен дамуының бағыттары	23
6.	Алибекова В.Н. Привлечение иностранных инвестиций в АПК Казахстана: проблемы и пути решения	29
7.	Асилова А.С. Инвестицияны қаржыландырудың әдістері мен тәсілдері	32
8.	Асилова А.С., Қасымбекова Г.Р. Банк капиталының жеткіліктілігінің базель стандарты және проблемалары	37
9.	Баймедетов С.Д. Оценка эффективности введения плоской шкалы налогообложения в Республике Казахстан	43
10.	Байтанаева Б.А. Проблемы финансирования инноваций в экономике страны	48
11.	Байтанаева Б.А., Овчинникова Н. Интеграция банковского сектора Казахстана и России в условиях глобализации	52
12.	Балтиев З.З. Тенденции развития банковского маркетинга в Казахстане	56
13.	Джоланов Е.Е. Экономическая интеграция Казахстана на великом шелковом пути	59
14.	Джусупова Б.Т. Роль иностранных инвестиций в развитии экономики Республики Казахстан	65
15.	Есенқұлова И.А. Эффективность регулирования инвестиционной деятельности в Кыргызской Республике	70
16.	Жалалова Н.М. Жергілікті бюджеттің салықтық түсімдерін арттыру жолдары	75
17.	Жантаева А.Ә. Қазақстандағы зейнетақы жүйесі: қазіргі жағдайы және келешегі	79
18.	Жапенова А. Ш. Состояние и перспективы развития рынка ценных бумаг в Республике Казахстан.	85
19.	Жунусова Г. Кредит как источник инвестиционных ресурсов	91
20.	Закирова А.Р., Н.Т Сайлаубеков Анализ и оценка ликвидности и платежеспособности банков Казахстана	93
21.	Искаков И.И. Некоторые проблемы совершенствования финансового сектора экономики Кыргызской Республики	98
22.	Калдыбаев Е.К., Оразалиев Б.М. Депозиты - важный источник инвестиций в банковской системе	103

ондай салық сомасын беретін деңгейге жеткен жоқ, осыған орай, мөлшерлемені 10% -дан 8% -ға төмендету керек.

- Басқа дамыған елдерде «орта топ» өкілдері саналатын ғылым, білім беру мен денсаулық сақтау саласында және салық қызметі органы сияқты мемлекеттік мекеменің қызметкерлерінің еңбекақысын көтеру арқылы, олардың тиімді түрде қызмет етуіне материалдық және моралдық жағдай жасау керек.

Осылайша, зерттеулер нәтижесі салық жүйесінің элеуметтік салдарларына қатысты проблемаларды шешуге белгілі бір деңгейде жағдай жасайды. Жұмыстың теориялық құндылығы элеуметтік процесстер мен салық жүйесінің арасындағы байланыс сызбасының ұсынылып, салық салудың элеуметтік салдарларын салмақтаудың сандық және сапалық критерийлерінің анықталуымен негізделеді. Жұмыстың практикалық мәні одан да тереңірек, яғни, оны қолданыстағы салық жүйесіндегі қалыптасқан жағдайды талдау және салық заңдылығы\* деңгейіндегі нақты салықтық шешімдердің мүмкін болатын салдарларын салмақтау үшін пайдалануға болады.

Колданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ауданбойынша салық басқармасының Форма 1-Н құжаты (2010-2013 жж.)
2. Бораш Қ. Қазақстан қаражаты ең әуелі ел дамуы үшін қызмет етуі тиіс // Егемен Қазақстан, № 306, 13 желтоқсан, 2010 жыл
3. Курмансеитова А. Салықтардың бюджетне түсімін жоғарылату және салық жүйесін жетілдіру жолдары // «Сапалы білімге индустриалды-инновациялық саясаттың әсері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Тараз, 28-29 наурыз 2013ж.

#### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Жантаева Айгүл Әбітжанқызы  
Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ  
Алматы қ., Қазақстан

Еліміздің «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиялық даму бағдарламасында, халықтың әл-ауқатын көтеріп,... Қазақстанның алдыңғы қатарлы әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруін өз алдына мақсат ету мәселелері көтерілген. Осы басты мақсатқа жетудің маңызды индикаторы - қарапайым халықтың элеуметтік көңіл-күйі» делінген [1].

Әлемнің дамыған елдеріндегі өмір сүру деңгейіне теңесіп, аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін алдымызда талай асулар бар. Бұл арадағы алшақтықты мейлінше азайту үшін экономиканың дамуына үлес қосатын қаржы секторының бірі - зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын және өсуін қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, зейнетақымен қамтамасыз етудегі өзгеріс нақтылы буынға қатысты, әрі ұзақ мерзімге жоспарлануы тиіс. Алдыңғы жүзжылдықтың ортасында зейнетке шығатын қазақстандықтарды лайықты зейнетақымен қамтамасыз ету бүгінгі күннің түйінді мәселелерінің бірі. Аталған мәселелердің шешімі табыла ма, жоқ па, оны Ұлттық Банктің зейнетақы активтерін басқару сапасы көрсететін болады.

Қазір Қазақстанда үш құрамдас бөліктен тұратын көпдеңгейлі зейнетақы жүйесі жұмыс істейді.

1-деңгей - жасына байланысты барлық зейнеткерлер үшін белгілі бір ең төменгі табысты қамтамасыз етуге арналған міндетті ынтымақтастықты (1998 жылға дейін 6 айлық стажы барларға) зейнетақы жүйесі. Оның негізгі мақсаты - халықтың табысын ең төмен күнкөріс деңгейінде немесе одан сәл жоғары деңгейде ұстап тұру.

2-деңгей - жалақының 10% пайызын құрайтын, салышшылардың жеке ағымдағы шоттарына түсетін міндетті жарна. Әрбір жұмысшы үшін келіп түсетін зейнетақы: жарналары, ағымдағы зейнетақы төлемдеріне жұмсалмайды, керісінше, жинақталған зейнетақы қаражатының өсуін және оларды инфляциядан қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында қаржы құралдарына инвестицияланады.

3-деңгей - ерікті жинақтаушы жүйе, болашақ зейнеткерлер үшін қосымша зейнетақы қаражатын жинауды қамтамасыз етеді. Ерікті жарналардың мөлшері, оларды төлеу және кейінгі төлемдер тәртібі, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамтамасыз ету туралы келісім - шарт бойынша анықталады.

Ынтымақтастықты, сол сияқты жинақтаушы жүйенің де өз кемшіліктері мен артықшылықтары бар, сондықтан бұл жүйелердің бірде-біреуін біржақты тиімді деп тануға болмайды.

Көп деңгейлі жүйе, оның үш құрамдас бөліктерінің арасында келесі өзгерістерде туындайтын тәуекелдік қауіптерді белуге мүмкіндік береді. Бұл өзгерістер:

- демографиялық жағдайдағы өзгерістер (оған барынша сезімтал - ынтымақтастық жүйе);
- экономикадағы және капитал нарықтарындағы ауытқулар (бұл ауытқулар жинақтаушы жүйеде айтарлықтай қаттырақ байқалады);
- саясат пен экономикадағы белгісіздіктен туындайтын (үкіметтік және нарықтық дағдарыстар, еңбек пен капиталдың салыстырмалы бағаларындағы өзгерістер) тәуекелдік қауіптер.

Осы тәуекелдік қауіптер құрамдас бөліктер арасында төмендегі тәсілдер арқыты бөлінеді:

- басқару түрлерін эртарандыру (мемлекеттік және жеке меншіктік);
- қаржыландыру көздері (капитал және еңбек);
- инвестициялық стратегиялар (акциялар мен облигациялар, халықаралық және ішкі инвестициялар).

Тәуекелдіктерді осылайша белу зейнетақы жүйесінің қаржылық теңгерімін және қаржылық тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді, нәтижесінде қарт адамдарлық табыстарын әділ әрі тиімді ұстап тұруға жағдай жасайды.

Қаржы дағдарысы кезінде Қазақстанда ғана емес, барлық елдерде зейнетақы активтерін басқаруда барлық кемшіліктер айқындала бастады. Нақтырақ айтсақ зейнетақы активтерін басқарудағы әлсіздік: алуан түрлі қаржы құралдарына инвестициялау салдағы бағалай алмаушылық, дефолтты және ірі қаржы институттарының қайта құрылымдауы болжай алмаушылықтардан білінді. Сонымен бірге бұл, қаржылық тұрақтылық кезінде күлдірау жағдайына қажетті қорды (запастарды) уақтылы құра алмауында.

Жеке жинақтаушы зейнетақы қорларының бірігуі нәтижесінде құрылған БҰҒ (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының) қазіргі жағдайы біршама салыстырмалы санлзлқ параметрлерімен анықталады. Оның жұмысын бағалайтын негізгі көрсеткіштер: БЖЗК-ның қатысушылары, барлық жеке тұлғалар саны; зейнетақы активтері; жинақталған зейнетақы қаражаты; зейнетақы төлемдері; табыстылықтың өсу қарқыны мен қордың өтімділігі белгіленеді.